ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ,
ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
"ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ № 49
САНАТОРЛЫҚ СӘБИЛЕР БАҚШАСЫ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
"САНАТОРНЫЙ ЯСЛИ-САД № 49
ГОРОДА ПАВЛОДАРА"
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА ПАВЛОДАРА,
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

№ 2022 жылғы 04 қаңтар №1-03/06

Павлодар қаласы город Павлодар

**МДҰ-да лаңкестікке қарсы қорғаныс**
**пен қауыпсіздікті қамтамасыз ету туралы**

МДҰ қауыпсіздігін, лаңкестік қатынастарда осалдау болып табылатын объектілердің лаңкестікке қарсы қорғанысын қамтамасыз ету мақсатында, 13.07.1999ж. № 416-I «Лаңкестікке қарсы рекет туралы» ҚР Заңына сәйкес (16.11.2015 ж. жай-жаспарына қарай өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуімен) **БҰЙЫРАМЫН:**

1.МДҰ-да лаңкестікке қарсы қорғанысты ұйымдастыру мәселелері бойынша жұмыс комиссиясы мына құрамда құрылсын:
Комиссия төрайымы: Ж.А.Смагулова
Комиссия мүшелері: Ж.М.Смагулова
А.С.Тлекенова
С.Н.Буенко
Г.К.Альшимбаева

2.МДҰ әкімшілігінен балаларды таңертеңгі қабылдау (7.00-ден 9.30-ға дейін) мен үйлеріне қайтатын уақытты (17.00-ден 19.00-ға дейін) кесте бойынша күнделікті кезекшілік ұйымдастырылсын:
дүйсенбі –Ж.А.Смагулова
сейсенбі – Ж.М.Смагулова
сәрсенбі – А.С.Тлекенова
бейсенбі – С.Н.Буенко
жұма – Г.А.Альшимбаева
сенбі – Н.Р.Какенова

3. Шаруашылық меңгерушісі А.С.Тлекенова:
1) техникалық қызметкерлермен лаңкестік немесе басқа да құқыққа қайшы әрекеттер туындай қалған жағдайда олардың өздерін қалай ұстау керектігі жөніндегі мәселелер бойынша нұсқама өткізсін;
2) МДҰ-ға бөтен адамдардың кіруіне шектеу қою жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;
3) Күн сайын 19.00-ден 7.00-ге дейін және демалыс күндері басшы бекіткен кестеге сай күзетшілердің кезекшілігін ұйымдастырсын;
4) ай сайын қоймаға және техникалық жабдықтарға тексеріс жүргізсін;
5) күн сайын күзетшілер мен кезекші техникалық қызметкерлердің жұмысын бақылауды жүзеге асырсын;
6) МДҰ аумағын күн сайын тексерсін;
7)МДҰ аумағына бөтен автокөлік құралдарының кіруіне тыйым салсын;
8) ТҚҚ-ның уақытында шығарылуы қадағаласын;
9) телефонның тоқтаусыз қызмет істелуі қамтамасыз етсін;

000733

10) адамдардың амандығы мен эвакуация жоспарына өзгерістерді дер кезінде енгізсін және қосымша шығу жолдары мен электірлік қауіпті орындарда дабыл белгілерінің енгізілуін қадағаласын

4.Күзетшілер Б.Б.Махмутов, С.Н.Кадешов, Е.Е.Магеллан

1) күн сайын арнайы журналда кезекшілікті табыстау дерегі мен ғимарат пен аумақты бөтен заттардың табылу-табылмауына қарай тексеру нәтижелері тіркелсін (ауысымға 4-рет тен кем емес);

2) кезекшілік кезінде МДҰ-ға қатысы жоқ азаматтардың ғимарат аумағында бақылаусыз жүруіне жол бермесін.

5.Қызметтік үй -жайларды сыпырушыларға, вахтерлерге МДҰ бойынша кезекшілік міндеті жүктелсін:

1) МДҰ үй-жайына бөтен адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсеткеннен кейін ғана кіргізілсін, МДҰ-ға қатысы жоқ азаматтардың ғимаратта бақылаусыз жүруіне жол берілмесін;

2) келушілерді тіркейтін журнал жүргізілсін;

3) ата-аналарды топтар бойынша балалардың тізіміне сәйкес кіргізу қамтмасыз етілсін;

4) кіретін есіктерді дер кезінде жабу;

5) ата-аналардың «өрт сөндіру» сатылары арқылы кіруіне жол бермеу.

6.Медбике С.Н.Буенко мен Г.К.Альшимбаева балалардың тізімін жүйелі түрде жаңартып отыруды қамтамасыз ету, әртүрлі стандартқа сай емес төтенше жағдайларда, лаңкестікке қарсы қорғаныс, өрт қауіпсіздігі, электірлік қауіпсіздік, ЕҚ мәселелерінде балалардың өмірін сақтау мен қауіпсіздік ережелерін сақтауды бақыласын.

7.Аула сыпырушы күн сайын аумақта бөтен автокөліктердің бар-жоғын, құрылыстық тұрмыстық бөлмелерді, қоқыс контейнерлері мен басқа да жарылыс құрылғыларын қоюға пайдаланылуы мүмкін заттар мен объектілерді тексеру жүзеге асырсын.

8.Әдіскер Ж.М.Смагулова

1) лаңкестік акт немесе басқа да құқыққа қайшы рекеттер қаупі туындаған жағдайдағы олардың рекеті жайлы педагогикалық қызметкерлермен нұсқама жүргізсін;

2) МДҰ педагогтарымен трбие, білім беру процесіндегі қуіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша нұсқамаларды уақытында жүргізіп отырсын;

3) тәрбиешілердің көмегімен ТЖ кезіндегі қауіпсіздік жне өзін қалай ұстау керектігі мәселелері бойынша ата-аналармен және балалармен әңгімелер өткізсін;

4) эвакуация бойынша қызметкерлер мен балалардың жаттығуын жартыжылдықта бір реттен кем түрде ұйымдастырсын.

9. МДҰ педагогтары: ата-аналармен және балалармен олардың әртүрлі стандартқа сай емес төтенше жағдайларда қалай әрекет ету туралы, лаңкестікке қарсы қорғаныс, өрт қауіпсіздігі, электір қауіпсіздігі, ЕҚ мәселелері жөнінде МДҰ жұмысының регламенті бойынша және ТЖ немесе жазатайым оқиға туындай қалған жағдайда жұмыс жүргізсін.

10. МДҰ-ның барлық қызметкерлеріне қырағылықты күшейту тапсырылсын. МДҰ ғимараты мен аумағында бөтен адамдарды, көлік құралдарын, күдікті заттарды көре қалған жағдайда дереу қауыпсіздік шараларын қабылдау керек және факт мәліметтері жөнінде МДҰ әкімшілігіне қабарлауға тиіс.

11. МДҰ әкімшілігі дереу болған жайт туралы «102», «112» телефондары арқылы полицияның кезекші бөліміне, құтқару қызметіне объектінің атауы мен мекен жайын айтып, хабарласуы керек.

12. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауын өзіме қалдырамын.

**Басшы** **Ж.А.Смагулова**